

Ширек ғасыр тарихы бар өнер ордасы

Арқалық қазақ жасөспірімдер театрының құрылғанына биыл 25 жыл толып отыр. Қаламыздағы қара шаңырақ өнер ордасы осынша уақыт халық игілігі үшін тер төгіп келеді.

Шығармашылық ұжымның көрерменге тағылымды дүние ұсынып, өнерсүйер қауымның рухани қажеттілігін өтеу жолындағы еңбектеріне алғыс айтар ұтымды сәт, әрине Халықаралық театр күні екені даусыз.

Арқалық қазақ жасөспірімдер театрының құрылғанына 25 жыл толуымен қатар, 27 наурыз – Халықаралық театр күніне орай өнер ордасында қойылым көрсетіліп, құттықтаулар айтылды.

С.Ахмадтың "Келіндер көтерілісі" коме-



стамасымен 1972 жылы Арқалық қаласында Торғай ЕЕ56ГЕГЙ-Фоблыстық қазақ сазды драма театры ашылған еді. Өзағаң Мәскеудегі Михаил Щепкин атындағы жоғары театр училищесін аяқтаған 17 жас маманды Арқалыққа алдырып, жаңа театрдың алғашқы шығармашылық құрамын жасақтаған болатын. 1972 жылғы 24 желтоқсанда театр шымылдығы М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясымен ашылды. Әр тарихи кезеңде әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты ұжым бірнеше мәрте қайта құрылып, 2001 жылдан бастап Арқалық қазақ жасөспірімдер театры ретінде қызметін жалғастырып келеді.

Өзбекәлі Жәнібектей тау тұлға салып берген өнердің сара жолын бүгінгі күнге дейін театр ұжымы үзбей жалғап, өнер сүйер қауымға рухани азық сыйлап келеді. Арқалық қазақ жасөспірімдер

тықтаулар айтылды.

С.Ахмадтың "Келіндер көтерілісі" комедиясы ұсынылды. Комедия ене мен келін арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, жалпы қоғамда орын алып отырған мәселелерді көрсетеді. Адам баласының еркіндігі, еркі, іс – әрекеті, таңдау құқығы сияқты күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді қойылымға арқау еткен.

Мәдени іс шараға қала әкімі қатысып, өнер ұжымын құт-



тықтап, алғысын білдіріп, марапаттарын табыс етті.

«Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Театр – сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі» десе, Ғабит Мүсірепов «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп театр өнері-

не ерекше баға берген. Олай болса, осындай биік өнердің туын жықпай, өнер сүйер қауымға мағыналы қойылымдар ұсынып келе жатқандарыңыз үшін ризашылығым шексіз. Кәсіби мерекелеріңізде театр ұжымына шығармашылық табыс, отбасыларыңы-



зға бақыт пен береке тілеймін! Жетпіс жылға қадам басқан Арқалық қаламыз жыл санап көркейіп, әр күндеріңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын», -деп жүрекжарды тілегін жеткізді қала әкімі Әмірхан АСАНОВ.

Өзағаң салған

сара жол

Өткен күндерге көз жүгіртсек, қаламыздағы қара шаңырақ өнер ордасының тарихы әріден бастау алғанын көруге болады. Мемлекет және қоғам қайраткері, өнер жанашыры Өзбекәлі Жәнібектің тікелей ба-

қауымға рухани азық сыйлап келеді. Арқалық қазақ жасөспірімдер театры қазірге дейін 100-ге жуық қойылым сахналап, көптеген өңірлерге гастрольдік сапармен барып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп отыр. Еліміз бойынша түрлі өнер – шығармашылық байқауларына қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүргендері театр ұжымының биік кәсіби шеберлігіне дәлел болса керек.

«АХ»